



Бекітемін:

«Тамирис» жеке бөбекжайының  
менгерушісі С.К.Даулетова

2023–2024 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес жоспары

| №  | Тақырыбы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Мерзімі                                       | Жауаптылар                                                                                                                                      |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| I  | <p><b>№1 педагогикалық кеңес тақырыбы:</b><br/>«Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру сапасын қамтамасыз етудің жаңа бағыттары»</p> <p>1. Менгерушінің кіріспе сөзі. Жаңа оқу жылының басым міндеттері.</p> <p>2. Тамыз кеңесінің қорытындысы, әдістемелік нұсқау хат және нормативтік құжаттардағы өзгерістермен таныстыру.</p> <p>3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы және жүргізілген жұмыстарды талдау.</p> <p>4. 2023–2024 оқу жылына арналған негізгі құжаттарды бекіту:– жылдық жоспар;– оқу жұмыс жоспары;– ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі;– перспективалық жоспарлар;– циклограмма мен күн тәртібі.</p> <p>5. Тимбилдинг: «Бірлік пен кәсібилік – табыстың кепілі».</p> <p>6. Топтарды жасақтау және педагогтердің функционалдық міндеттерін бекіту.</p> | Тамыз<br>Бағыттаушы<br>педагогикалық<br>кеңес | <p>Менгеруші<br/>С.К.Даулетова</p> <p>Әдіскер<br/>А.С.Жумашева</p>                                                                              |
| II | <p><b>№2 педагогикалық кеңес тақырыбы:</b><br/>«Ұлттық тәрбие – ұрпақ болашағының өзегі»</p> <p>1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын саралау.</p> <p>2. Баяндама: «Ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі тәрбиемен ықпалдастырудың тиімді жолдары».</p> <p>3. Педагогикалық шеберхана: «Тіл дамытудағы инновациялық әдіс-тәсілдер».</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Қараша                                        | <p>Менгеруші<br/>С.К.Даулетова</p> <p>Әдіскер<br/>А.С.Жумашева</p> <p>Тәрбиешілер:<br/>Д.Нугманова<br/>Н.С.Кенжеғалиева<br/>Г.С.Наурзбекова</p> |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |        |                                                                                                                                            |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | <p>4. Практикалық алаң: «Ойнайық та ойлайық».</p> <p>5. Ұлттық ойындарды ұйымдастырудың тиімді тәжірибелерімен бөлісу.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |        |                                                                                                                                            |
| III | <p><b>№3 педагогикалық кеңес тақырыбы:</b><br/> <b>«Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым: бірлескен тәрбиенің тиімді моделі»</b></p> <p>1. Іс-тәжірибе: «Жас ата-аналармен серіктестіктің тиімді формалары».</p> <p>2. Баяндама: «Баланың тұлғалық дамуындағы отбасы мен педагогтің ықпалдастығы».</p> <p>3. Тренинг: «Сенімге негізделген серіктестік».</p> <p>4. Іскерлік ойын: «Біз – бір команда».</p> <p>5. Шығармашылық көрме: «Ойындар топтамасы».</p>                       | Қаңтар | <p>Меңгеруші<br/>С.К.Даулетова</p> <p>Әдіскер<br/>А.С.Жумашева</p> <p>Тәрбиешілер<br/>А.Х.Тулеуова<br/>А.Ә.Омарова<br/>Б.М.Муратова</p>    |
| IV  | <p><b>№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Экологиялық мәдениет – тұрақты дамудың негізі»</b></p> <p>1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2. Тақырыптық бақылау қорытындысын талдау.</p> <p>3. Баяндама: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді технологиялары».</p> <p>4. Әдістемелік кеңес: «Отбасындағы экологиялық тәрбие: тәжірибе және сабақтастық».</p> <p>5. Тренинг: «Табысты ұжым – нәтижелі жұмыс».</p> | Наурыз | <p>Меңгеруші<br/>С.К.Даулетова</p> <p>Әдіскер<br/>А.С.Жумашева</p> <p>Тәрбиешілер<br/>Г.С.Наурзбекова<br/>А.Х.Тулеуова<br/>А.Ә.Омарова</p> |
| V   | <p><b>№5 педагогикалық кеңес тақырыбы:</b><br/> <b>«Педагогикалық қызметтің қорытындысы және жаңа белестер»</b></p> <p>1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау.</p> <p>2. Педагогтердің кәсіби қызметі мен шығармашылық жұмыстарының жылдық есебі.</p> <p>3. Жазғы сауықтыру және демалыс кезеңін ұйымдастыру жоспарын бекіту.</p> <p>4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптары мен нұсқаулықтарды қарастыру.</p>               | Мамыр  | <p>Меңгеруші<br/>С.К.Даулетова</p> <p>Әдіскер<br/>А.С.Жумашева</p> <p>Тәрбиешілер</p>                                                      |

## «Томирис» жеке бөбекжайы

### №1 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы №1

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру сапасын қамтамасыз етудің жаңа бағыттары»

**Өткізілген күні:** 04.09.2023 жыл

**Қатысқан:** 8 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Күн тәртібі:**

1. Меңгерушінің кіріспе сөзі. Жаңа оқу жылының басым міндеттері.
2. Тамыз кеңесінің қорытындысы, әдістемелік нұсқау хат және нормативтік құжаттардағы өзгерістермен таныстыру.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы және жүргізілген жұмыстарды талдау.
4. 2023–2024 оқу жылына арналған негізгі құжаттарды бекіту:  
жылдық жоспар;  
оқу жоспары  
ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі  
перспективалық жоспарлар  
циклограмма мен күн тәртібі
5. Тимбилдинг: «Бірлік пен кәсібилік – табыстың кепілі».
6. Топтарды жасақтау және педагогтердің функционалдық міндеттерін бекіту.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші С.Қ. Даулетова педагогикалық кеңеске қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, алдағы оқу жылында ұжымның алдына қойылған негізгі міндеттерге тоқталды. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің басты мақсаты – тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау, білім беру сапасын арттыру және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру екендігін атап өтті. Сонымен қатар жаңа оқу жылындағы жұмыс жоспарымен, педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева 2023–2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Тамыз кеңесінде қаралған негізгі мәселелерге тоқталып, білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен толықтыруларды түсіндірді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттары, Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты, Үлгілік оқу жоспары, Үлгілік оқу бағдарламасы және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттары жан-жақты талқыланды.

Педагогтерге ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктіру, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, балалардың зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысына тоқталды. Жаз мезгілінде ұйымдастырылған

сауықтыру, шынықтыру, ойын және танымдық іс-шаралардың орындалуы талданды. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың жоспарға сәйкес орындалғаны атап өтілді. Жазғы кезеңдегі іс-шаралар бойынша есептер уақытылы тапсырылып, өткізілген жұмыстар әлеуметтік желідегі ресми парақшада жарияланғаны айтылды.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер 2023–2024 оқу жылына арналған негізгі құжаттарды таныстырып, талқылауға ұсынды.

Педагогикалық кеңесте:

жылдық жұмыс жоспары

оқу жұмыс жоспары

ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі

перспективалық жоспарлар

циклограмма

күн тәртібі қаралып, бекітілді.

Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау барысында мемлекеттік стандарт талаптарын, тәрбиелеу мен оқытудың бес білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелерді басшылыққа алу тапсырылды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын нығайту мақсатында «Бірлік пен кәсібилік – табыстың кепілі» тақырыбында тимбилдинг ұйымдастырды.

Тренинг барысында педагогтер бірлескен жұмыс, өзара қолдау, кәсіби қарым-қатынас және ұжымдық жауапкершілік мәселелері бойынша түрлі тәжірибелік тапсырмалар орындады. Іс-шара педагогтердің жаңа оқу жылына деген ынтасын арттырып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды.

Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші жаңа оқу жылына топтардың жасақталуы туралы ақпарат берді. Тәрбиеленушілер жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарға бөлініп, педагогтердің оқу жүктемесі мен функционалдық міндеттері бекітілді. Сонымен қатар топтардың дамытушы ортасын мемлекеттік талаптарға сәйкес толықтыру, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

### **Педагогикалық кеңестің қаулысы:**

2023–2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқау хат, нормативтік-құқықтық құжаттар және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы педагогтердің жұмысында басшылыққа алынсын.

2. Жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.

3. 2023–2024 оқу жылына арналған: жылдық жұмыс жоспары, оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, перспективалық жоспарлар, циклограммалар, күн тәртібі бекітілсін.

4. Барлық педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерді мемлекеттік стандарт пен үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес жоспарлап, білім беру процесінде тиімді педагогикалық технологияларды қолдансын.

- 5.Топтардың дамытушы заттық-кеңістіктік ортасын толықтыру және жаңа оқу жылына толық дайындық қамтамасыз етілсін.
- 6.Тәрбиеленушілер жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарға бекітіліп, педагогтердің функционалдық міндеттері белгіленсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Жумашеваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.Қ.Даулетова

А.С. Жумашева

## **«Томирис» жеке бөбекжайы**

### **№1 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы №2**

**Тақырыбы:** «Ұлттық тәрбие – ұрпақ болашағының өзегі»

**Өткізілген күні:** 24.11.2023 жыл

**Қатысқан:** 8 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** С.Қ. Даулетова

**Хатшы:** А.С. Жумашева

#### **Күн тәртібі**

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын саралау.
2. Баяндама: «Ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі тәрбиемен ықпалдастырудың тиімді жолдары».
3. Педагогикалық шеберхана: «Тіл дамытудағы инновациялық әдіс-тәсілдер».
4. Практикалық алаң: «Ойнайық та ойлайық».
5. Ұлттық ойындарды ұйымдастырудың тиімді тәжірибелерімен бөлісу.

#### **Тыңдалды**

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші С.Қ. Даулетова №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына талдау жасады.

Жаңа оқу жылының басында бекітілген жылдық жоспар, оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, перспективалық жоспарлар және циклограммалардың талапқа сай орындалуы қарастырылды. Топтардың дамытушы заттық-кеңістіктік ортасы жаңартылып, білім беру процесі мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Сонымен қатар педагогтердің жоспарлау жұмыстары мен құжаттарды жүргізу сапасына оң баға беріліп, қабылданған шешімдердің толық орындалғаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева «Ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі тәрбиемен ықпалдастырудың тиімді жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу-білім беру қызметінің барлық бағыттарына кіріктіру жолдары жан-жақты қарастырылды. Педагогтерге қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ұлттық ойындарын, халық ауыз әдебиетін, мақал-мәтелдерді, ұлттық музыка мен қолөнер элементтерін күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді қолданудың маңыздылығы түсіндірілді.

Балалардың туған жерге сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді құрметтеу және ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Н.С. Кенжеғалиева педагогикалық шеберхана ұйымдастырып, «Тіл дамытудағы инновациялық әдіс-тәсілдер» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.

Шеберлік барысында мнемокестелер, дидактикалық ойындар, сюжетті-рөлдік ойындар, интерактивті тапсырмалар, саусақ ойындары және көрнекілік арқылы балалардың сөздік қорын байыту тәсілдері көрсетілді.

Педагогтер ұсынылған әдістерді тәжірибеде қолданудың тиімділігі жөнінде пікір алмасты.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Д. Нугманова «Ойнайық та ойлайық» тақырыбында практикалық алаң өткізді. Практикалық бөлімде ұлттық және дамытушы ойындарды пайдалану арқылы балалардың танымдық, коммуникативтік және логикалық қабілеттерін дамыту жолдары көрсетілді.

Педагогтер ойындарды ұйымдастырудың жаңа үлгілерімен танысып, өз тәжірибелерінде қолданылатын әдіс-тәсілдер бойынша пікір алмасты.

Іс-шара тәжірибе алмасу форматында өтіп, қатысушылардың қызығушылығын арттырды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.С. Наурзбекова ұлттық ойындарды ұйымдастырудың тиімді тәжірибелерімен бөлісті.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік, дамытушылық және денсаулық сақтау бағытындағы мүмкіндіктері таныстырылып, «Арқан тарту», «Орамал тастамақ», «Ханталапай», «Ақсерек-көксерек», «Бес тас» сияқты ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесіне енгізудің тиімді жолдары көрсетілді.

Педагогтер ұлттық ойындарды барлық жас топтарында жүйелі ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар айтты.

#### **Педагогикалық кеңестің қаулысы:**

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктіру жұмыстары барлық жас топтарында жүйелі жүргізілсін.
3. Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында ұлттық ойындарды, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ұлттық салт-дәстүр элементтерін тұрақты пайдалансын.
4. «Ойнайық та ойлайық» практикалық алаңында ұсынылған тиімді тәжірибелер педагогтердің күнделікті жұмысына енгізілсін.
5. Ұлттық ойындарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік қор толықтырылып, тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Жумашеваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.Қ.Даулетова

А.С. Жумашева

## **«Томирис» жеке бөбекжайы**

### **№1 педагогикалық кеңес отырысының №3**

**Тақырыбы:** *«Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым: бірлескен тәрбиенің тиімді моделі»*

**Өткізілген күні:** 26.01.2024 жыл

**Қатысқан:** 8 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** С.Қ. Даулетова

**Хатшы:** А.С. Жумашева

#### **Күн тәртібі**

1. Іс-тәжірибе: «Жас ата-аналармен серіктестіктің тиімді формалары».
2. Баяндама: «Баланың тұлғалық дамуындағы отбасы мен педагогтің ықпалдастығы».
3. Тренинг: «Сенімге негізделген серіктестік».
4. Іскерлік ойын: «Біз – бір команда».
5. Шығармашылық көрме: «Ойындар топтамасы».

#### **Тыңдалды**

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Х. Тулеуова «Жас ата-аналармен серіктестіктің тиімді формалары» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті.

Баяндама барысында мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықтың заманауи үлгілері таныстырылды. Атап айтқанда, ашық есік күндері, шеберлік сағаттары, отбасылық жобалар, ата-аналар клубы, жеке кеңестер, сауалнамалар және цифрлық байланыс платформаларын тиімді пайдалану жолдары қарастырылды. Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді тарту арқылы баланың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева «Баланың тұлғалық дамуындағы отбасы мен педагогтің ықпалдастығы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада баланың тұлғалық қалыптасуы ең алдымен отбасы тәрбиесі мен мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиенің сабақтастығына байланысты екендігі айтылды. Педагогтер мен ата-аналардың өзара сенімді қарым-қатынасы, бірлескен мақсат қоюы және ортақ жауапкершілігі баланың әлеуметтік, коммуникативтік, танымдық және эмоционалдық дамуына оң әсер ететіні мысалдар арқылы түсіндірілді.

Отбасымен жүргізілетін жұмыстың мазмұнын жаңғырту, ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша тренингті тәрбиеші Б.М. Муратова ұйымдастырды. «Сенімге негізделген серіктестік» тренингінің мақсаты – педагогтердің өзара қарым-қатынасын нығайту, ата-аналармен тиімді байланыс орнату жолдарын жетілдіру және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру болды.

Тренинг барысында қатысушылар түрлі психологиялық жаттығулар орындап, тәжірибе алмасты. Педагогтер өзара сенім, қолдау және бірлескен әрекеттің маңыздылығы жөнінде пікірлерімен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Ә. Омарова «Біз – бір команда» тақырыбында іскерлік ойын өткізді. Іскерлік ойын барысында педагогтер топтық тапсырмалар орындап, түрлі жағдаяттарды талдау арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістерін қарастырды. Ойын педагогтердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, бірлескен шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге және тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиешілер А.Х. Тулеуова, А.Ә. Омарова және Б.М. Муратова ұйымдастырған «Ойындар топтамасы» шығармашылық көрмесі таныстырылды. Көрмеде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған ұлттық, дидактикалық, кимылды, логикалық және танымдық ойындардың үлгілері ұсынылды. Педагогтер өз қолдарымен дайындаған ойын құралдарын таныстырып, олардың балалардың тілін дамытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, ұсақ моторикасын дамытуға және шығармашылық белсенділігін арттыруға тигізетін әсерін көрсетті. Қатысушылар көрмеге жоғары баға беріп, тәжірибеде қолдануға болатын көптеген әдістемелік идеялармен алмасты.

#### **Педагогикалық кеңестің қаулысы:**

1. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тартудың заманауи формалары тәжірибеге енгізілсін.
3. Педагогтер ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарда ынтымақтастыққа негізделген жаңа әдістерді тұрақты қолданып отырсын.
4. «Біз – бір команда» іскерлік ойыны барысында ұсынылған тәжірибелер педагогтердің күнделікті жұмысында пайдаланылсын.
5. «Ойындар топтамасы» шығармашылық көрмесінде ұсынылған дидактикалық және дамытушы ойындар әдістемелік қорға енгізіліп, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылсын.
6. Отбасымен өзара байланысты нығайту мақсатында бірлескен жобалар, шеберлік сағаттары және ашық іс-шаралар жоспары жүйелі жүзеге асырылсын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С. Жумашеваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.Қ. Даулетова

А.С. Жумашева

## **«Томирис» жеке бөбекжайы**

### **№1 педагогикалық кеңес отырысының №4**

**Тақырыбы:** *«Экологиялық мәдениет – тұрақты дамудың негізі»*

**Өткізілген күні:** 29.03.2024 жыл

**Қатысқан:** 8 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** С.Қ. Даулетова

**Хатшы:** А.С. Жумашева

#### **Күн тәртібі**

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Тақырыптық бақылау қорытындысын талдау.
3. Баяндама: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді технологиялары».
4. Әдістемелік кеңес: «Отбасындағы экологиялық тәрбие: тәжірибе және сабақтастық».
5. Тренинг: «Табысты ұжым – нәтижелі жұмыс».

#### **Тыңдалды**

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші С.Қ. Даулетова №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына талдау жасады.

Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы серіктестікті нығайту бағытында жоспарланған іс-шаралардың уақытылы орындалғанын атап өтті. Ата-аналар жиналыстары, кеңестер, шеберлік сағаттары, бірлескен шығармашылық жұмыстар мен көрмелер ұйымдастырылып, ата-аналардың білім беру процесіне қатысу белсенділігі артқаны айтылды.

Педагогикалық кеңестің алдыңғы қаулылары толық көлемде орындалды деп танылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева тақырыптық бақылаудың қорытындысына талдау жасады. Бақылау барысында топтардағы экологиялық тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы, дамытушы ортаның жабдықталуы, табиғат бұрыштарының талапқа сәйкестігі, экологиялық бағыттағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы және педагогтердің жұмыс жоспарлары зерделенді. Талдау нәтижесінде педагогтердің табиғатты бақылау, тәжірибелік жұмыстар, еңбек әрекеті, зерттеу жұмыстары және экологиялық ойындарды жүйелі ұйымдастырып отырғаны анықталды. Сонымен қатар табиғат бұрыштарын жаңа дидактикалық материалдармен толықтыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.С. Наурзбекова «Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді технологиялары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда зерттеу әрекеттері, бақылау, тәжірибе жасау, жобалық жұмыстар, экологиялық ойындар, табиғи материалдармен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырудың тиімділігі жан-жақты түсіндірілді. Экологиялық тәрбиені күнделікті оқу-тәрбие процесімен

ықпалдастыру, балалардың табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру және экологиялық сауаттылығын дамыту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Х.Тулеуова «Отбасындағы экологиялық тәрбие: тәжірибе және сабақтастық» тақырыбында әдістемелік кеңес өткізді. Кеңес барысында ата-аналармен бірлескен табиғат қорғау акцияларын ұйымдастыру, үй жағдайында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қалдықтарды сұрыптау, табиғи ресурстарды үнемдеу, бөлме өсімдіктерін күту, табиғатқа қамқорлық жасау сияқты жұмыстардың тәрбиелік маңызы түсіндірілді. Педагогтер отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастықты нығайту мақсатында жүргізілетін жұмыстар бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Ә. Омарова «Табысты ұжым – нәтижелі жұмыс» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырды.

Тренинг барысында педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын арттыруға, өзара қолдау көрсетуге, тиімді қарым-қатынас орнатуға және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған жаттығулар өткізілді. Педагогтер белсенді қатысып, өзара тәжірибе алмасып, ұжымдық жұмыстың нәтижелілігін арттыру жөнінде пікірлерімен бөлісті.

#### **Педагогикалық кеңестің қаулысы:**

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде экологиялық мазмұндағы инновациялық технологиялар кеңінен қолданылсын.
3. Тақырыптық бақылау барысында берілген ұсыныстар белгіленген мерзімде орындалсын.
4. Топтардың табиғат бұрыштары жаңа дидактикалық материалдармен, зерттеу құралдарымен және табиғи ресурстармен толықтырылсын.
5. Отбасымен бірлескен экологиялық жобалар, акциялар және шығармашылық жұмыстар тұрақты ұйымдастырылсын.
6. Ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтау және кәсіби ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Жумашеваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.Қ.Даулетова

А.С. Жумашева

## **«Томирис» жеке бөбекжайы**

### **№1 педагогикалық кеңес отырысының №5**

**Тақырыбы:** *«Педагогикалық қызметтің қорытындысы және жаңа белестер»*

**Өткізілген күні:** 31.05.2024 жыл

**Қатысқан:** 8 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** С.Қ. Даулетова

**Хатшы:** А.С.Жумашева

#### **Күн тәртібі**

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау.
2. Педагогтердің кәсіби қызметі мен шығармашылық жұмыстарының жылдық есебі.
3. Жазғы сауықтыру және демалыс кезеңін ұйымдастыру жоспарын бекіту.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптары мен нұсқаулықтарды қарастыру.

#### **Тындалды**

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші С.Қ. Даулетова №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына жан-жақты талдау жасады.

Экологиялық тәрбие бағыты бойынша жоспарланған іс-шаралардың толық көлемде жүзеге асырылғанын, барлық жас топтарында табиғатты қорғауға бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүйелі өткізілгенін атап өтті. Тақырыптық бақылау барысында берілген ұсыныстардың басым бөлігі орындалғаны, топтардың табиғат бұрыштары толықтырылып, балалардың зерттеушілік әрекеттеріне қолайлы жағдай жасалғаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева педагогтердің 2023–2024 оқу жылындағы кәсіби қызметі мен шығармашылық жұмыстарының қорытынды есебін ұсынды. Әр педагог оқу жылы бойындағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері, тәрбиеленушілердің даму мониторингі, ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер, семинарлар, әдістемелік кеңестер, шығармашылық байқаулар мен кәсіби жетістіктері туралы есеп берді.

Балалардың бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг нәтижелері талданып, тәрбиеленушілердің бес білім беру дағдысы бойынша оң даму динамикасы байқалғаны айтылды. Педагогтердің құжаттарды жүргізу сапасы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарлануы және әдістемелік талаптардың сақталуы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Келесі оқу жылында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе тарату, авторлық жұмыстар әзірлеу және инновациялық жобаларға қатысу жұмыстарын жандандыру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева жазғы сауықтыру және демалыс кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырды.

Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, табиғат аясындағы ойындар мен бақылауларды ұйымдастыру, спорттық мерекелер, ұлттық ойындар, шынықтыру шаралары, зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды өткізу жоспарланғаны айтылды. Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бірауыздан бекітілді.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші С.Қ. Даулетова балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптары және нұсқаулықтармен таныстырды. Педагогтерге жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі, санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау, ойын алаңдарының қауіпсіздігін бақылау, серуен кезіндегі тәртіп, ыстық ауа райында балалардың денсаулығын қорғау, төтенше жағдайлардың алдын алу, алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы ережелері, электр құралдарын пайдалану қауіпсіздігі және ата-аналармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстарға ерекше назар аудару тапсырылды.

### Сөйледі

Тәрбиешілер оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, келесі оқу жылында инновациялық технологияларды кеңінен қолдану, ата-аналармен серіктестікті нығайту, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік жұмыстарды жетілдіру және жазғы сауықтыру іс-шараларын мазмұнды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын білдірді.

### Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2023–2024 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Педагогтердің кәсіби қызметі мен шығармашылық жұмыстарының жылдық есептері мақұлдансын.
4. Балалардың даму мониторингінің қорытынды нәтижелері назарға алынып, келесі оқу жылында жеке дамыту жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.
5. 2024 жылғы жазғы сауықтыру және демалыс кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау бөбекжай әдіскері А.С.Жумашеваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.Қ.Даулетова

А.С. Жумашева